

**КӨНЕТҮРІКТІК  
РУНИКАЛЫҚ  
ЖАЗУЛАР. ОРХОН-  
ЕНИСЕЙ  
ЕСКЕРТКІШТЕРІ**

Қабылдаған: Мейірманова Г.  
Орындаған: Тургумбаева Е.

- **Көне Түркі жазуы** (басқаша Орхон-Енесей жазуы) — V ғ. б.з.б. — X ғ. б.

3. түркі тайпаларының жазуы.



- Бірінші табылғаны [Орхон өзенінің](#) бойында (Екінші түркіт қағандығы) және [Енисей өзенінің](#) жоғарғы ағысында ([Қырғыз қағандығы](#)). Кейде руник жазбасы дейді, алман [руналарынынан](#) жанасым табып (кейбір нышандар кескіні дәл келіп тұр, дауысты мағынасы да жақын). [Азиялық](#) түркі руналары [соғды жазуының](#) негізінде VIII ғ. бұрын жасалған деп есептеледі. Оның [әліпбиінде](#) 40-қа жуық [графема](#) бар. Көне түркі руника жазуы ерекшелігі - онда негізгі [велярлық](#) және [палаталдық дауыссыздарға](#) арналған бірнеше жұп дербес [әріптер](#) бар. Көне түркі руника жазуы [жұмбағын](#) 1893 жылы В. [Томсен](#) шешкен. [Орхон ескерткіштерінің](#) тұңғыш тәржімаларын 1894 жылы В.В. [Радлов](#) жасаған.





Көне Түркі жазулары немесе Көне түркі алфавиті - дыбыстық жазу түрі, яғни сөздегі дыбыстарды таңбалап жазады. Негізінен 6-10 ғасырларда үлкен аймаққа таралған Көне Түркі жазуларын ғалымдар үш топқа бөліп қарайды:


- Енисей ескерткіштері.
- Талас ескерткіштері.
- Орхон ескерткіштері.



[www.ethnodon.com](http://www.ethnodon.com)

# Орхон-Енисей жазбалары

Орхон-Енисей жазбалары — көне түркі жазба тарихи-мәдени ескерткіші. Көп уақытқа дейін сыры беймәлім, қай тілде жазылғандығы белгісіз болып келген. Орхон-Енисей жазбаларын руналық жазбалар деп те атайды ([Скандинавия](#) халықтарының тілінде "рунь" сөзі "сыры ашылмаған", "құпия" деген мағынаны білдіреді). Тек [1893](#) ж. ғана даниялық ғалым В. [Томсен](#) құпия жазуды оқудың кілтін ашады. Біраз жылдардан кейін орыс ғалымы В.В. [Радлов](#) Орхон өзені бойынан табылған үлкен тастардағы жазуды толық оқып, аударды. Руна жазуындағы ең үлкен ескерткіштер [Орхон](#) мен [Енисей](#) өзендері алқабынан табылғандықтан, жазудың өзін де осылайша атап кетті.





- Орхон-Енисей жазбалары Шығыс Түркі қағанатының қағаны Білге мен оның інісі Күлтегін қабірлеріне қойылған орасан зор құлпытастарға қашап жазылған жыр жолдары болып шықты. Жырға арқау болған негізгі мәселелер - елдің тәуелсіздігі, береке-бірлігі. Күлтегін жырында **сегіз оқиға** баяндалған.
- Біріншісінде, қағанның өз халқына қарата айтқан үндеуі,
- Екіншісінде Түрік Қағанаты жерінің кеңдігін суреттейді,
- Үшіншісінде түркілердің әскери жорықтары,
- Төртіншісінде көршілес табғаштардың қастандық әрекеттері туралы әңгіме,
- Бесіншісінде табғаш тайпасымен қатысу түркілерге қауіпті екендігі жөнінде,
- Алтыншысы түркі халқының болашақты болжай алмауына өкіну,
- Жетіншісі түркі халқының даңқын асырған қаған жөнінде,
- Сегізіншісінде осы ескерткішті жыр қып жазуға түрткі болған жағдайларға тоқталады

